

Қостанай облысы әкімдігі
денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық қан орталығы»
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
«Областной Центр крови»
Управления здравоохранения
акимата Костанайской области

Бекітемін
«Облыстық қан орталығы»
КМК директорының м.а.
 М.М. Ахметов
2023 жылғы «21» шілде № 114



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ЕРЕЖЕ

Қостанай қ.
2023 жыл



1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі-Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.
2. Осы Ереже Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК (бұдан әрі-ОҚО) құрылымдық бөлімшелерінің немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын тұлғалардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.
3. ОҚО сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережені директор бекітеді.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже ОҚО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.
5. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
 - 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
 - 3) мұдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;
 - 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
 - 5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
 - 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
 - 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және



іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. ОҚО-да негізгі міндепті кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастын жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастын жауапты тұлға, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе ОҚО өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен ОҚО директоры айқындалады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға, ОҚО лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын ОҚО-ның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен қоса атқаруға жол берілмейді.

11. Егер заңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе ОҚО-ның өзге де тәуелсіз басқару органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда ОҚО директоры бекітеді.

2-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндептері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты ОҚО мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндептері:

- 1) ОҚО мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
- 2) ОҚО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;



- 3) ОҚО-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

14. ОҚО сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелігі;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:
 - ОҚО-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясаты;
 - ОҚО қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
 - Кәсіпорынның мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
 - ОҚО қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзы фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
 - корпоративтік әдеп пен мінезд-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 2) ОҚО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес ОҚО қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;



- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және ОҚО-ның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін ОҚО қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 5) ОҚО-да анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 6) ОҚО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 7) ОҚО қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын үйымдастырады;
- 8) ОҚО қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен міnez құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 9) ОҚО ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыretі шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
- 11) ОҚО-ның құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 12) мұдделер қактығысын, оның ішінде ОҚО-да жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) ОҚО-да сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
- 15) ОҚО-да сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;
- 16) ОҚО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 17) ОҚО-ның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ОҚО-ның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;
- 19) ОҚО директорына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, ОҚО-ның қызметін үйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;
- 20) ОҚО қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қактығысының туындауына әкеп соқпайтын жағдайда



комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

16. Байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе ОҚО-ның өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, ОҚО директоры Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекақы төлеу шарттары айқындалады.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

18. ОҚО директорының шешімімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және өзге де еңбекақы төлеу шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен не Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастырын құжаттармен айқындалады және оларды ОҚО директоры бекітеді.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы Байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе ОҚО-ның өзге де тәуелсіз басқару органына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсынысты, көрсетілген органдар болмаған жағдайда ОҚО директорына ұсынады.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан ОҚО-ның басқа құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволар мен ведомствоның бағынысты ұйымдарға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша жіберілетін құжаттар мен сауалдарға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткіzetін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін үнемі арттыруы қажет.

23. Өз қызметі шенберінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;



- 2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе ОҚО өзге де тәуелсіз басқару органдының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді ОҚО директорына шығаруға бастамашылық жасайды;
- 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;
- 4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын өзірлеуге қатысады;
- 7) ОҚО қызметкерлерінің ОҚО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не ОҚО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

24. Өз қызметтің жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

- 1) ОҚО және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялыштығын сақтайды;
- 2) ОҚО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялыштығын қамтамасыз етеді;
- 3) байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе ОҚО-ның өзге де тәуелсіз басқару органдын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда ОҚО директорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдың назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;
- 5) ОҚО-ның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

- 1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;
- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осынданай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;
- 3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;
- 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;



- 5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;
- 6) мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

26. ОҚО басшылығы:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дереккорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жауапты тұлғасын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің ОҚО құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

28. ОҚО құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне:

- 1) осы Ереженің 14-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- 2) Анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу жолдарымен көмек көрсетеді.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты ОҚО-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ОҚО-ға қосымша ақпарат жіберіледі.

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған Байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе ОҚО-ның өзге де тәуелсіз басқару органы алдында, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда ОҚО директорының алдында мерзімді түрде есеп береді.

ОҚО директоры тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «Сыбайлас



жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.